

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 тамыздағы № 826 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 3 шілдедегі № 694 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 қазандағы № 1192 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.10.20 № 1192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының, қаржы полициясының, прокуратураның қызметкерлерін Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарына іссапарға жіберу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 тамыздағы № 826 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 29, 384-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

4-тармақта "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті," деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасы "Сырбар" сыртқы барлау қызметі," деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*